

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 56 (908) 16 желтоқсан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



<http://tainshatany.kz>



tainsha_tan@list.ru

16 желтоқсан. 1991 жыл. Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі.
16 желтоқсан – алты Алаштың айбынын айғақтаған, ата-бабамыздың арманы орындалып,
жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген тәуелсіздік күні.



ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

16 желтоқсанда біз халқымыз үшін маңызды және айтулы мерекелердің бірі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін атап өтеміз.

1991 жылдың осы күні еліміздің Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңды қабылдады, содан кейін Қазақстан әлемдік қауымдастық мойындаған, заңды түрде рәсімделген тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды.

Бүгіндері Тәуелсіздік күні еліміздің егемендігі жолында күрескен біздің ұлттық батырларымызға құрмет көрсетілетін маңызды мемлекеттік мереке болып табылады.

Егемендік алған сәттен бастап біздің халқымыз жарқын жетістіктерімен және табысты қайта құруларымен Қазақстанның ұлы тарихын тамаша жалғастыра білді, әлем елдері қатарынан лайықты орнын алды және үлкен прогреске қол жеткізді.

Осы жылдар ішінде біз бірлік, бейбітшілік пен келісім, адамгершілік және толентарлық сияқты құндылықтарға иек арттық.

Өтіп бара жатқан 2022 жыл көптеген айтулы қоғамдық-саяси оқиғалармен есте

қалады, олардың ішінде Республика күнінің мемлекеттік мереке ретінде қайта оралуы, Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі 5 маусымда өткен референдум мен біздің еліміздегі кезектен тыс Президент сайлауы бар.

Өткен Президент сайлауы біздің өңір тұрғындарының жоғары саяси сауаттылығын, жаңа өзгерістерге даярлығын көрсетті.

Бүгіндері біз әрқайсымыз үшін ашық бәсекелестіктегі және тең мүмкіндіктегі Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз.

Тәуелсіздік – қолымызға өте қымбат бағаға түскен біздің басты байлығымыз. Біздің міндетіміз туған Отанымыз – Қазақстан Республикасын нығайту және жасампаздық жолын жалғастыру болып саналады.

Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып барлық солтүстікқазақстандықтарға шын жүректен мықты денсаулық, аман-саулық пен тұрақтылық тілеймін! Сіздердің отбасыларыңызда әрдайым бейбітшілік, келісім мен өзара түсіністік үстемдік құрсын! Тәуелсіздік күнімен!

Айдарбек САПАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

«ДЕРЕУ КАДРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ»: ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҮКІМЕТТІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Үкімет үйінде Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын және Үкіметтің 12 желтоқсандағы кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар қаралды.

Бүгін ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаржы, индустрия және инфрақұрылымдық даму, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, экология, геология және табиғи ресурстар, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау,

денсаулық сақтау, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім, мәдениет және спорт, ақпарат және қоғамдық даму, әділет, төтенше жағдайлар, ішкі істер министрлері мен ұлттық экономика бірінші вице-министрі және т. б. баяндама жасады.

Баяндамашыларды тыңдап болған Премьер-Министр биыл Қазақстанның күрделі геосаяси жағдайға байланысты бірқатар қиындыққа тап болғанын атап өтті. Бұл бағаның өсуіне, инфляцияға, экономикалық дамудың бәсеңдеуіне әкеп соқты.

«2023 жылы бізді жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдер күтіп тұр. Сондықтан біз Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен тапсырмаларын сапалы іске асыру үшін барынша күш салуымыз керек. Сондай-ақ біз формажор жағдайларға барынша тез әрекет етуіміз қажет. Әр министр өз саласы бойынша тапсырмалардың 100%-ға орындалуына кепілдік беруі тиіс. Ал әрбір әкім жергілікті жерлерде әлеуметтік-экономикалық мәселелердің сапалы шешілуін қамтамасыз етуі керек», — деді Әлихан Смайылов.

Жалғасы 3-бетте.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек. Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді. Жоғарыда айтқанымыздай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз. Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтұздың батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады.

Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтынмел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бұрабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір арты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты. Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтносттық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік

сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған құрай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз. Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамама және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі дегуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз. Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі. Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ, саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге екеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай аралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашу шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген. Тәуелсіздік жылдарында та-

лантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті. Жаңадану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

Халқымыз «Атың барда жер таны, желіп жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім құйып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алма-са да, Кеңес Одағының түрлі қалаларында білім алды. Бірақ, басым көпшілігі тамырынан ажырап, ол жақта біржола қалып қойған жоқ. Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіріп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіптерін бастаған және алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Дарынды жастардың бәрі шетелде жүрген жоқ. Ел ішінде де білікті әрі білімді өрендер жетіп артылады. Біз оларды басшылардың жаңа буынын дайындауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамамен құрылған Президенттік кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар, ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс. «Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын. Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек. Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

egemen.kz

«ДЕРЕУ КАДРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ»: ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҮКІМЕТТІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Премьер-Министр цифрлық жобалық офис аясында барлық бағдарламаның, жобалар мен Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалуын тұрақты түрде бақылайтынын айтып өтті.

«Мерзімінде орындалмаса немесе орындалу сапасы нашар болса, дереу кадрлық шешімдер қабылданады», — деді Үкімет басшысы.

Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының іс-шараларын министрліктердің салалық тұжырымдамалары мен даму жоспарларына қосуды тапсырды.

Одан бөлек, Үкімет басшысы мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функцияларды қайта бөлу арқылы заңнамалық актілерді жүйелі тексеруді аяқтау, қазіргі сын-қатерлерді ескере отырып, инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін жаңарту және бір ай мерзімде халықтың табысын арттыру бағдарламасын өзектендіру қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Премьер-Министр «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін ұзарту мүмкіндігін қарастыру, тұтынушылық кредит беру көлемін қысқарту шараларын әзірлеу және Ұлттық қордан трансферттерді біртіндеп төмендетуді қамтамасыз ету керектігін айтты.

Оған қоса, бюджеттеу тәсілдерін одан әрі жетілдіру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларына көбірек дербестік беру, сондай-ақ Экономиканы демополизациялау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысын күшейту бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс.

Әлихан Смайылов заң бұзушылықпен берілген кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару жөнінде шаралар қабылдау, кәріз-тазарту құрылыстарын салу және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыруды жеделдету, республикадағы әрбір ЖЭО-ның жай-күйін кешенді қарау және Алматыда ЖЭО-2 және ЖЭО-3 үшін қажетті газ инфрақұрылымын жүргізу жөніндегі жұмысты жандандыру қажеттігіне назар аударды.

Сонымен қатар Премьер-Министр ауыл шаруашылығы министрлігіне мемлекет меншігіне қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің ашық цифрлық картасын жасауды тапсырды. Оларды бөлу

тетігі айқын болуы керек. Ал өңірлердің әкімдеріне оларды шешудің нақты алгоритмдерін әзірлей отырып, тұрғындар тарапынан туындайтын проблемалық мәселелерге уақытылы мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БАСЫМ НЫСАНДАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Қазақстанның Су кеңесінің отырысында Су саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы қаралды. Кешенді жоспарда Су кодексін жаңа редакцияда әзірлеу, су ресурстары мен су шаруашылығы мәселелері жөніндегі ғылыми орталық құру, суды пайдалануды реттеудің экономикалық тетіктерін іске асыру, су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және басқа да іс-шаралар көзделген. Атап айтқанда, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 8 жаңа су қоймасын салу және 16 апатты су қоймасын реконструкциялау жоспарлануда, бұл қосымша су көлемін жинақтауға, 124 елді мекенде су тасқыны қаупін азайтуға және 170 мың гектардан астам жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, суару арналарын реконструкциялау, магистральдық және шаруашылықаралық арналарды автоматтандыру, сондай-ақ су ресурстарын басқаруды цифрландыру көзделген, бұл судың ысырабы мен артық шығынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

«Алдағы үш жылда біз экономикаға және азаматтарымыз үшін барынша тиімді болатын өзекті мәселелерді шешуіміз керек. Алдымен, жоғары нәтиже беретін, сондай-ақ, бірінші кезекте реконструкциялануы тиіс су құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басым жобаларды іріктеп алуымыз керек», — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-Министр Кешенді жоспар шеңберінде су шаруашылығы саласына кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ заманауи технологиялық шешімдер мен ғарыштық мониторингті қолдана отырып, судың жұмсалуды бақылау тетіктерін енгізу жөніндегі шараларды қарастыру қажет екенін айтты.

primeminister.kz

• Мәдениет жаңалықтары

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АНИМАЦИЯҒА БИЫЛ 55 ЖЫЛ

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы жанынан «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі жаңадан жасақталып, мультипликацияның жұмысы қайта жанданды.

Бүгінгі таңда «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі конкурстық негізде республиканың ірі қалаларынан мәлімделген 167 сценарий ішінен үздік жиырмасын таңдап, 5 минуттық анимациялық картиналардан тұратын 20 жобаны аяқтап үлгерді. Осыған орай Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігінің жұмысымен танысып, анимация өнерін өркендетуге атсалысқан бірқатар ардагерді марапаттады.

– 2022 жыл ұлттық анимациялық кино өнері үшін айтулы жыл болды. Себебі биыл қазақ анимациялық кино өнеріне 55 жыл болды. 1967 жылы қазақ мультипликациясының негізін қалаған ұлы режиссер Әмен Қайдардың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты тұңғыш фильмінен бастау алған қазақ анимациялық кино өнері жас ұрпаққа жарты ғасырдан астам уақыт бойы толассыз қызмет етумен келеді. Осы жарты ғасырдан астам уақыт ішінде 200-ден астам мультфильм түсіріліп, 30-дан аса анимациялық студия өмірге келген екен. Бұл ұлт болашағы үшін жасалған теңдессіз жұмыс, ауқымды еңбек деп есептейміз. 2018 жылы анимациялық киностудиялар қауымдастығы құрылып, өз кезегінде рухани мәдени маңызы бар көптеген іс-шараны атқарып келеді, — деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтау сөзінде. Сондай-ақ биыл қазақ анимациялық

шығармашылық бірлестігінің ұйытқы болуымен Алматы, Астана, Шымкент, Түркістан, Петропавл қалаларында орналасқан 20 студияның әрқайсысы 20 анимациялық жобаға ие болды. Мұның барлығы ұлттық анимацияны қолдау жолында қолға алынған ірі жобалар-тұғын. «Ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесінде», анимациялық фильмдерді мемлекет мүддесімен ұштастыра отырып өскелең ұрпаққа ұлттық рух пен рухани құндылықтарды дәріптеу ісі толассыз атқарыла бермек. Дәурен Әскербекұлы анимацияның образ қалыптастыратынын айрықша атап өтті. Бала бойына ел тарихының, ұлттық дәстүр мен төл мәдениеттің образы анимация арқылы сіңеді. Тәрбие осылай бастау алады. Сол себепті анимацияны мемлекет тарапынан қолдау жыл сайын күшейе түсуі керек. Іс-шара барысында Мәдениет министрі анимация ардагерлеріне марапаттар мен Алғысхаттар табыс етті. «Еңбек ардагері» медалімен кинорежиссер-мультипликаторлар Гүлмира Садықова мен Галина Дусенко және суретші-мультипликатор Эрнст Бейсегов марапатталды.

Сонымен қатар қазақстандық мультипликаторлар анимация саласындағы халықаралық әріптестерімен меморандумдарға қол қойды. Алдағы жылы ұлттық анимация өнерінің атасы Әмен Қайдардың туғанына 100 жыл толмақ. Соның айғағындай осынау ғасырлық мерейтой қарсаңында «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігінде Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының тапсырысымен «Әмен ағаның ғажайып бәйтерегі» атты қысқаметражды мультфильм түсірілді.

АУЫСПАЛЫ АБОНЕНТТІК НӨМІРЛЕР

Интернет және телефон алаяқтықтарына қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында салалық бағдарлама бекітілді. Бұл туралы Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов мәлімдеді.

Алаяқтармен күрес мақсатында ауыспалы абоненттік нөмірлерден түсетін қоңырауларды бұғаттау тетіктері пысықталуда. Осы ретте азаматтардың алаяқтарға қарсы сауаттылығын арттыру мақсатында, ақпараттық түсіндіру жұмыстары қолға алынған. Сондай-ақ Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшысының шетелдік автомобильдерді заңдастыру тапсырмасын іске асыру бойынша шаралар қабылдауда. Бұл жұмыс 2 кезеңге бөлінді: бірінші – заңнамаға тиісті түзетулерді енгізу; екінші – заңдастыру үшін тікелей іс-шаралар

ұйымдастыру. Сонымен қатар Парламент Салық кодексіне түзетулерді қабылдады. Ол заңдастыруға жататын автокөліктерді бастапқы тіркеу үшін төленетін алымды 200 мың теңге көлемінде белгіледі. Сондай-ақ төлем басқа заң жобасы шеңберінде Экологиялық кодекске утилизациялық төлемді алып тастау бөлігінде түзетулер енгізеді. Ішкі істер министрлігі заңдастыруды жүргізудің тәртібін, шарттары мен мерзімдерін белгілейтін Үкімет қаулысының жобасын әзірлеуде. Министрлік биылғы қыркүйектен бастап бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде, сондай-ақ шетелдік автокөлік иелерімен тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. «Сонымен қатар Ішкі істер министрлігімен бірге Қаржы министрлігі кедендік декларациялау мәселелері бойынша, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көлік құралдарына техникалық талаптар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қажет», деді Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов.

ТӘУЕЛСІЗДІК – АЛТЫН ТАҢЫ АЛАШТЫҢ

Тәуелділік бұғаулады талай жыл,
Іште жатты айтылмастан талай сыр
Құл да болдық, сұм да болдық бірақта,
Ақиқатын паш етіп жүр талай жыр.

Тәуелді етті, бас игізді басқаға,
Қиыншылық батты аяздай арқаға.
Адамдарға қырғидай боп шүйліккен
Сұм тағдырға біз қарадық таңдана.

Отаршылдар ұлыларды тізгіндеп
Олар айтты: «Қорғап жүрген біздер»-деп,
Батырлықпен жанын қиған ерлердің
Мүрделерін кетіп жатты құзғын жеп.

Осылайша өтті өмірден ерлерім,
Қаныменен, қорғап қалды жерлерім,
Бабалардың батырлығын ту етсін!
Келер ұрпақ жауыздықты көрмегін.

Иә, олар аш-жалаңаш қалдырған
Қазақ үшін болды талай жан құрбан.

Еске аламыз Алаштың ер ұлдарын
Шабыспенен күн мен түнді таңға ұрған.

Болашағың жарқын бүгім қазғым
Сол бір кездің көрсетпесін азабын!
Бойлай кіріп, қойдай қырған «қанішер»,
Тартқан шығар, о, дүниенің тозағын.

-Міне бүгін, ел арманы арайлы,
Тәуелсіздік «Алтын нұр»-боп тарайды!

Сол бір нұрдан қуат алған болашақ
Ел ордаға мақтанышпен қарайды.

Тәуелсіздік тойың келді іргеге
Тойға шашу-шашу парыз бізге де
Орта Азия жүрегінде Астана
Күннен күнге құлпырады түрлене.

Ширек жылда ғасыр ісін тындырған
Сол ісімен жер әлемді таң қылған,

Көзайым боп, Нұрсұлтанды көргендер
Мақтан етіп өлең сөзбен жыр қылғын.

Өр Алматы – Астананың тірегі
Сері Астана Орта Азия жүрегі.
Сағынышпен шетте жүрген қандастар,
Елбасымды мақтан етіп жүреді.

Биыл міне, бітік шықты егінің
Ақталғаны ол диқан төккен терінің.

Табысымен ұлан-қайыр еңбектің
Ақтап отыр Елбасының сенімін.

Тәуелсіздік мәңгілік бол баянды,
Ұлт-ұлыстар пана тұтты саянды.
«Оян Қазақ» ұраны еді Алаштың
Міне, бүгін өр қазағың оянды.

Аспанымда желбірейді көк туым
Терді төгіп еңбек етер жетті күн

Оқу оқып, еңбек істе ойна күл
Мүмкіндік мол, еш уайым жоқ дәл бүгін

Құтты болғай тәуелсіздік тойымыз!
Тасқындап табыс, егіздесін қойымыз.

Мекен еткен 100-ден астам ұлттармен
Бір арнада тоғысады ойымыз.

Қазақ елім берік болсын тұғырың,
Өркендетсін, көркем етсін қызы-ұлың.

Тізгініңді берік ұстап қарышта,
Өткен күннің ұмытайық ызыңын.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСТЕРІ

Армысың, Атамекен, аңсаған!
Көз тартады бәйтерегің, Астанам.

Бірер шумақ жыр жолдарын арнаймын
Алтын ордам, шаңырағым, баспанам.

Сәлем саған, атамекен, аңсаған!
Сені аңсайды қазақ қанды қанша адам.

Пейілің кең, қойның ашық ұлы елсің
Сыйып отыр, қаншама ұлт басқа да.

Міне, бүгін біз де жеттік өзіңе,
Қуанышпен жас келеді көзіме.

Қолдан келер бір ісіңе жарармыз
Тек әйтеуір кете көрме безіне.

«Отансыз адам, ормансыз бұлбұл» дегендей біз
Қазақстан Республикасындай Отанымыз болғанына

өзімізді бақытты санаймыз. Еліміз тәуелсіздік алғалы, міне,
31 жыл болып отыр. Осы уақыт аралығында Атамекеніміз

жанымызды жаралайтындай ешбір жамандық көрген
емеспіз.

Әрине, келген кезде үйреніп кеткенше бастапқыда
қиындау болды. «Көш жүре келе түзеледі» демекші,

қазір бәрі бір қалыпты, бірге туғандай бауыр басып кеттік.
Жолдасым екеуіміз аудан орталығында екі жерде еңбек

атқарамыз. Үлкен қызметкер болмасақ та, күнделікті
өмір сүруге жеткілікті қаражатымыз бар. Әрқайсысымыз

өз еңбек ұжымдарымызбен тату-тәтті жұмыс бабында
жақсы қарым-қатынаста жүрміз. Балаларымыз да есейіп,

ер жетті. Өздерінің сүйікті мамандықтары бар. Аллаға
шүкір, бәрі жақсы. Соның бәрі егемендігіміздің арқасы

деп білеміз.

Қазақ елі барынша өркен жайып, бәсекеге қабілетті
50 елдің қатарына қосылып, әлемге әйгілене берсін.

Отанымыз тыныш, халқымыз аман болсын! Біз де
Қазақстан халқының болашағы кемелді болуы үшін аян-

бай еңбек етеміз. Барлық қазақстандықтарды Тәуелсіздік
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Қожа ҚАБАНҰЛЫ, газеттің меншікті тілшісі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛІМНІҢ ТҰМАРЫСЫҢ

Айжан Зиедденқызы Мажимова,

Туған жері:

Тайынша ауданы Мәдениет ауылы

Жұмыс тәжірибесі: 1991-1992 ж.ж. -

Мәдениет ауылы, мұғалім

1992-1995 ж.ж. Сәтбаев қаласындағы

№1 тау-кен училищесі;

оқытушы. 1999-2021 ж.ж. -

Жезқазған политехникалық

колледжі, оқытушы.

2021 жылдың ақпан айынан бастап-

«Тілтану» оқу – әдістемелік

орталығы, оқытушы.



Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы желтоқсан айында Қазақстан қалаларында болған қазақ жастарының ҚСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.

Жезқазған қаласындағы студент жастардың 1986 жылғы желтоқсан айында көтеріліске шығуы Алматы қаласында бастама алған көтеріліс басты себеп болды. Біз ол кезде бірінші курс студенттеріміз. Ауылдан келген жастардың қаланың өміріне, оқу орнының тәртібіне енді үйреніп жатқан балауса да албырт шақтарымыз. Әлі есімде, көтеріліске шығар алдындағы түні үлкен курстың жігіттері мен қыздары бәрімізді жинап, бесінші қабатта бізбен әңгімелесіп, жиналыс өткізіп, үлкен бір дайындық жасады. Бұл бастаманы ұйымдастырушылардың бойынан жалындаған жігерді, Отанға деген зор сүйіспеншілікті байқадым. Оларға қарап, мен де жігерленіп, не айтса да істеуге дайын боп тұрдым. Ватман қағаздарға ұлт мәселесіне қатысты көптеген қанатты сөздер жаздық. Таңертеңгісімен сол кездегі «Дом быта» ғимаратының алдында жиналатынымызды айтты. Танертеңгі ұйықтап қалатындай боп, қорқыныш сезіммен таңды атырдым. Танертеңгі уақытта күн салқын екен. Жастардың барлығы келісілген уақытта бір кісідей айтылған жерге жиналды. Желтоқсан ызғары беті-қолымызды тоңдыра бастады, бірақ, соған қарамастан бәріміз жігерліміз. Топты бастаушылар - үлкен курстың қыз-жігіттері. Қолдарына кеше түнде жазылған плакаттарды ұстады. Төменгі курс студенттері соңдарынан ердік. Осылайша «Дом бытаны» артқа тастап, көлік жолымен алға жылжып, «Кооператор» дүкеніне де жеттік. Отанының болашағына алаңдайтын жан-жақтан жалынды жастар қосылып жатты. Бәріміз бір адамдай: «Әр ұлтты өз ұлтының көсемі басқару керек», «Әр халыққа-өз көсемі!» деп лозунгтарды жазып алып, көшені жаңғыртып, айқайлап келеміз. Осылайша, қазіргі «Нұр Отан» ғимаратының жанына жеткен кезде, қарсы келген автобус жүре алмай тоқтады сол кезде №6 автобус ұзын «гармошка» болатын, өйткені ашу – ыза қысқан жастар ешнәрсеге тоқтар емес, көлікке жол да бермеді. Автобуста адамдар көп екен. Бәрі орыстар сияқты боп көрінді сол кезде. Терезеден өзге ұлт өкілдері бірдеме айтып, айқайлап, жұдырықтарын түйіп жатыр. Жігерленіп жүре отырып, ІІБ ғимаратына жете бергенде, сол кездегі басшысы Хайдаров радиорубкамен сөйлей бастады. Жастарды сабырлыққа шақырды. Бірақ, беті қайтар жастар жоқ, «шешінген судан тайынбас» деп, тек Алға жүріп отырды. ІІБ-нің күш қолдануы сол кездегі Абай-Некрасов көшелерінің қиылысында басталды. Осы кезде ереуілшілерге сырттан азаматтық формада адамдар тосыннан күш көрсетіп, жастарды жазықсыз сүйрелеп, ұрып-соға бастады. Көшедегі қыздар мен жігіттерді біртіндеп сүйретіп, жұлқылап әкете бастады. Осылайша, жастардың бейбіт шеруінің соңы аласапыран айқасқа ұласты. Бір будкалы машина келіп, ішінен адамдар секіріп түсті де, келе жатқан топтың алдынан шығып, жастарды бір – бірлеп ұстай бастады. Олардан қашқан жігіттер мен қыздар сол жердегі паркке енді. Қаша бастаған ереуілге қатысушы жастардың бас киімдері, тон-курткалары ағашқа ілініп қалып жатты. Қолға түскендердің көбін, киімдерінен айырылған, жігіт-қыздарды, сүйрелеп машинаға мінгізіп жатты. Жан- жақтың бәрі айқай – ұйқай. Бет-аузы қан жігіттер, ұзын шашы жайылып бетін жапқан жас қазақ қыздарын аямай машинаға



сүйреуде. Жастар оларды ұстағандарға қарап ышқына сөйлеп, ешнәрседен қорықпайды, жігерлі. Қыстың ызғарына да суығына қарамастан кейбір жастардың жалаңаштанған денесін суық асфальтта сүйрелеп жүр. Бәріміз жан-жаққа қашып жатырмыз. Бейбіт заманда жазасыз жас тағдырлар, соққы көріп, жастар азап шегіп, қатты қиналыс та еді?! Бейбіт шеруге шыққан жастардың бейбіт тілегі ағаш жаңқасындай быт – шыт болып ұшып жатыр. Біз үш-төрт қыз қашып отырып «Радуга» дүкеніне дейін жеттік. Осы маңайға келіп бір подъезге кіріп, тығылды. Бойда енді ғана қорқыныш пайда бола бастады, өйткені, түсте сабақ бар. Ол кезде филология факультеті түстен кейін білім алады. Ол кезде сабақтан мүлде қалмаймыз. Орыс группасында оқимыз. Намысшыл қазақпыз гой группадағы орыстармен жарысып, түнімен ұйықтамай сабақ оқимыз. Біраз өткеннен кейін, кісі аяғы басылды – ау деген кезде тығылған жерден шығып, б мөлтек аудандағы жатақханамызға қарай бет алдық. Жаяулап, қарсы шыққан ер адамдарды көрсек шоши қарап, жатақханамызға да жеттік ау «Уһ» деп. Тұратын жерге жеткен соң сумкамызға жармасып, институтқа бет алдық. Сабақ басталып кеткен, бойда бір күш-жігер бар. Кешігіп келе жатырмыз. Бұған дейін сабаққа кешігу десе қорқыныш сезімі бойымызды билей кететін. Бұл жолы олай болмады. Сол күнгі таңның қаһармандары біз сияқтымыз. Кешігіп келе жатқан сабағымыз қатарынан екі сабақ «Қазақстан тарихы», оқытушы - Тілеген Садыкович. Ой, бір мың болғыр адам гой! Сол институтта бізбен қазақша сөйлесетін жалғыз адам. Көптеген сабақтардан қазақ оқытушылары берді, бірақ, бәрі орысша сөйлесетін. Сол кездің саясаты солай да болған шығар? Оқытушылар бізбен қазақша сөйлессе, бар жақынымыз сол адамдай көрінеді гой! Орысша «тіл қысқа» сабақ айтуға қорқып отыратынбыз. Тілеген Садыкович қазақша айтқызатын. Ол кісінің кез-келген студентке оқытушылықтан гөрі, әкелік мейірімі басым тұратын.

Жатақхана мен институт арасы жақын гой, он минут уақыт ішінде аудитория алдында тұрдық. Төрт- бес қызбыз, есікті сен қақ, мен қақпен ұяла аудиторияға кірдік. Жаңа ғана жігерленіп келе жатыр едік, үлкен бір іс бітіріп, аудиторияға кірісімен, оқытушыға, студенттерге қарауға ұялып тұрмыз. Қазақ халқына ұялаштық, ұяң мінезділік тән гой негізі. Аудиторияда отырған орыс өкілдері миықтарынан күліп, бізді менсінбей отыр. Бұл күндегі әдеттері гой. Біздің сабақ айтқанымызға күліп, киім киісімізді ұнатпай отыратын халық еді. Біз бір солардың еліндей жүргендей. Тілеген Садыкович күлімсіреп қарап: «Қайда жүрсіңдер», деді. Жүзіндегі жылы шырайды көріп, бізде еркінсі: «Көтеріліске шықтық» деп тарс еткіздік. Оқытушы: «Қыздарым-ау, ол жақта не істеп жүрсіңдер?» деді. Орнымызға отырып, бір бірімізге қарап мазбиз. Мүмкін Тілеген Садыкович ұрысса, басылып қалар ма едік, жылылық сезінгеннен кейін, істеген ісімізге маз боп, жақсы бір сезімде болдық. Айтып жеткізу

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Грек-рим күресінен әлем чемпионы, Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның еңбек ері Жақсылық Үшкемпіров туралы Sputnik дерекқорынан оқыңыз.

Чемпион қалай «Жақсылық» атанды

Грек-рим күресінен тұңғыш Олимпиада чемпионы 1951 жылы Жамбыл облысының Свердловск ауданындағы Дихан ауылында қазақтың қарапайым отбасында дүниеге келген, үйдің ортаншысы. Әпкесі мен қарындасы бар.

«Тоқал тамда тұрдық. Ата-анам және әжеммен бір үйде тұратынбыз. Әкем 53 жасында өмірден озды. Анамды жақсы көрдім. Пысық, шымыр адам болды. Сол кісіге тарттым. Анам 90 жасында қайтыс болды. Балаларының қызығын көрді», - дейді чемпион Qazaqstan телеарнасындағы «Келбет» бағдарламасына берген сұқбатында.

Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы қиын уақытта өмірге келгенін айтады. «Мен өмірге келгенде халықтың тұрмысы ауыр болыпты. Анамның ауылда дүкені болған екен. Бір күні дүкенге Сарымалтай деген ақсақал келіп, сабын сұрапты. Ол - аузы дуалы, ел сыйлайтын беделді азамат екен. Сабынды беріп жатқанда, анамды толғақ қысады. Сөйтіп, мен дүниеге келіппін. Ақсақал мұны жақсы ырымға балап, өмірге жақсылық келді депті. Осылайша, атымды Жақсылық қойыпты. Кейін әжем кіндігімді кесіпті», - дейді ол.

Жақсылық Үшкемпіровты, оның үлкен әпкесі мен қарындасын әжесі Бәтима тәрбиелеп өсірген. Кейін ауылдағы қарапайым мектепте білім алған.

«Мектебіміз Сарбарақ ауылында болды. Талас өзенінен 5 шақырым жерде орналасқан. Мектепке бару үшін есекке мініміз. Паромнан өтеміз. Кейбір кездері кеңес үкіметі ат пен арба береді. Ол сынып қалады. Мектептен кеш қайтамыз, жолда қорқамыз. Осылайша есейдік», - деп балалық шағын еске алады Үшкемпіров.

Олимпиада шыңына жетелеген алғашқы қадамдар

Мәскеу Олимпиадасының чемпионы мектепте жақсы оқыпты. Кейін 1968 жылы Семей қаласының мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. Институт қабырғасындағы күрес үйірмесіне жазылады. Еркін күреспен жарты жылдай айналысқан соң республика чемпионы атанады. Кейін классикалық күреспен шұғылданады. 1970 жылдары республикалық жарыста жеңіске жетеді. Осы кезден бастап балуан Олимпиада чемпионы болуды армандайды.

Отбасы туралы не білеміз

Жақсылық Үшкемпіров Семей қаласының мал дәрігерлік институтының бесінші курсына оқып жүргенде Құлпан есімді қызбен танысады. Ол институттың бірінші курсы бітіреді. Кейін спортшы болашақ жарын Семейден Таразға алып қашып кетеді. Сонда екеуі отау құрады. 1977 жылы Олимпиада чемпионының тұңғышы Жандос, кейін ортаншы ұлы Елдос дүниеге келеді. Ал спортшы Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы атанған сәтте кенже баласы Жеңіс өмірге келеді. Оның айтуынша, сол уақытта Олимпиада чемпионы атану былай тұрсын, Кеңес үкіметінің құрамасына ілігудің өзі зор мәртебе болған.

«Спортта әділдік жоқ»

1976 жылы Жақсылық Үшкемпіров грек-рим күресінен Кеңес одағының чемпионы атанады. Осылайша, ол Монреалда өтетін Олимпиада ойындарына жолдамаға ие болғанымен, оның орнына басқа спортшы барады. «Чемпион бола тұрып, дүбірлі додаға Шумакулов есімді спортшы барды. Ол Монреалда өткен жарыста Олимпиада чемпионы атанды. Оған өкпелеген жоқпын. Бірақ санамада «спортта әділдік жоқ» деген ой пайда болды», - дейді спортшы. Тағы бір сұқбатында Жақсылық Үшкемпіров кеңес уақыты тұсында спорт министрі Аманша Ақбаев пен Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев қалай кездескенін еске түсіреді. «Бір күні Аманша Ақбаевпен кездестім. Ол маған «Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев шақырып жатыр» деді. Бұрын ол кісімен кездеспегенмін. 1976 жылы алдына бардым. Қол аяғым дірілдеп, әрең амандастым. Бойы 2 метр, ұзын адам екен.»Өзің бір жапырақ екенсің ғой» деп күлді. Кейін сен мойыма! Олимпиадаға бармадым деп ренжіме! 4 жылдан кейін Олимпиадаға барасың. Оны мен бақылаймын. Кездесуден шыққаннан кейін өзіме қанат біткендей болды», - дейді ол.

Олимпиадаға қалай жолдама алды?

Жақсылық Үшкемпіров екінші мәрте күрестен Кеңес одағының чемпионы атанады. Бірақ соған қарамастан ол 1980 жылы Мәскеуде өткен дүбірлі додаға бармай қалуы

БОКСТАН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Қостанай қаласында бокстан әйелдер арасында ел чемпионаты басталды. Өз салмағында мықты екенін дәлелдеп, Ұлттық құрама сапына қосылу үшін әр өңірден таңдаулы 104 былғары қолғап шебері келді.

Биылғы бәсекеге халықаралық аренада бақ сынап жүрген көптеген боксшымыз қатысып жатыр. Осы арқылы ол жанкүйерлердің жіті назарында болмақ. Мәселен, жуырда Амманда аяқталған Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, Ыстанбұлдағы Әлем чемпионатының жүлдегерлері, Олимпиада жүлдегерлері Қостанай төрінде жарыс көркін қыздырады. Осыған дейін Қазақстан бокс федерациясының басшылығы мен Шәмил Сафиуллин бастаған бапкерлер қосыны ешкімге жеңілдік жасамайтынын, Ұлттық құрамадағы әр орын үшін талас бәріне ортақ екенін айтқан еді. Тек Ұлттық құрама қатарында жүрген Карина Ибрагимова Қостанайға келген жоқ. Себебі, Азия чемпионы, биылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері 11 желтоқсанда Халықаралық бокс ассоциациясы (IBA) өткізген алғашқы «Чемпиондар түні» жобасында жұдырықтасты. Жалпы чемпионат аясында 92 жекпе-жек өтеді. Ал ең көп боксшы 48 кг дейінгі салмақта тіркелген. Қостанайдағы шаршы алаң додасы 17 желтоқсанда мәресіне жетеді.



мүмкін еді.» Ол кезде мен 29 жаста болдым. Жасым келіп қалды. Олимпиада ойындары маңызды спорттық шара ғой. 10-15 күн қалғанда ғана менің Олимпиадаға баратыным нақтыланды. Ашығын айтқанда, маған ауыр болды. Ішмінен «спортта әділдік жоқ екен» деп ойладым. Бір уақытта Колесов деген Олимпиада чемпионы «Жақсылық жарыста жеңбесе, мен партиялық билетімді өткіземін. Жұмыстан кетемін» деді. Сөйтіп, мен Олимпиадаға баратын болдым», - дейді балуан. Қазақ балуаны Олимпиада ойындарында қалай жеңіске жеткенін былайша есіне алады.

«Бірінші кездесуімде үш дүркін әлем чемпионы, екі дүркін Еуропа чемпионы румыниялық Александруға қарсы күрестім. «Жеңіліп қалсам, не болады?» деген қорқыныш болды. Залда 15 мың халық отырды. Бүкілі «Жақсылық» деп айғайлады. Барлығы маған қазақ болып көрінді. «Жеңейін, болмаса өлейін» дедім. Соны ғана ойладым. 9 минут күресіп, 9:4 есебімен әрең жеңдім. Кейін боз кілемде жарты сағат жаттым», - дейді Жақсылық Үшкемпіров.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері халық «тұңғыш Олимпиада чемпионы деп еркелетінін» жиі есіне алады. 1981 жылы ол грек-рим күресінен әлем чемпионы, 1982 жылы әлем кубогында күміс жүлдеге ие болады. 1974-1984 жылдары Қазақ КСР мемлекеттік спорт комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарады. 1984 жылы Красноярск қаласында жалауын көтерген КСРО кубогында 33 жастағы Жақсылық Үшкемпіров спорттағы карьерасын аяқтайды.

1984-1993 жылдары спорт мектебінің директоры, 1993 жылдан бері Алматы облысындағы «Жақсылық» спорт клубының директоры болып қызмет атқарады.

Жеке шаруашылығы бар

Қазақстан тәуелсіздік алған соң, Жақсылық Үшкемпіров кәсіпкерлікпен шұғылданады. Жеке шаруашылығын ашты. Қазіргі таңда ол кәсібін табысты жүргізіп отыр. Оның шаруа қожалығында 100 адам жұмыс істейді. 20 мың гектар жерге малын жаяды. Сонымен қатар ол Алматы облысының Мыңбаев ауылында өз қаражатына спорт кешенін, 100 орындық балабақша салған. Қазіргі таңда бұл ауылда 5 мың отбасы тұрады екен. Ал 2017 жылы «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды. Оған дейін қазақтың даңқты спортшысы «Құрмет» орденімен марапатталған болатын.

ӨТКЕН АПТАДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖЕҢІС

Сіздердің назарларыңызға қазақ спортшыларының өткен аптадағы жарыс нәтижелерін ұсынамыз.

Үстел теннисі. Түнисте үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Алан Құрманғалиев Хана Годамен (Египет) бірге аралас жұпта әлем чемпионы атанды, сондай-ақ жеке есепте қола медаль жеңіп алды.

Конькимен жүгіру. Надежда Морозова Канададағы әлем кубогы кезеңінде екінші келді. Ол 1500 метр қашықтықта күміс медаль жеңіп алды. Қазақстан командасының өкілі Денис Никиша Алматыда шорт-тректен әлем кубогының кезеңі аясында 500 метр қашықтықта күміс жүлдеге ие болды.

Ауыр атлетика. Колумбияда өткен ауыр атлетикадан әлем чемпионатында Алексей Чуркин 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медальді иеленді.

Семсерлесу. Семсерлесуден Қазақстан командасы (Богдан Лукин, Георгий Тинников, Александр Федотов, Габидин Мұстафин) Өзбекстандағы әлем кубогының жасөспірімдер кезеңінде қола медаль жеңіп алды.

Киберспорт. PUBG Mobile бойынша Дамир AXZCER Омаров, Бақытжан PUNCHER Елменбет, Данияр TEAQ Қонақбай және Арман PSIX Чамани бастаған Қазақстан құрамасы халықаралық киберспорт федерациясының шешімімен (IESF) киберспорттан әлем чемпионы атанды. Турнир Бали аралында (Индонезия) өтті.

ҚР МСМ баспасөз қызметі.

Жалғасы. Басы 4-бетте.

мүмкін емес, бір-бірімізге жымың-жымың етіп, ертең шақырса тағы баратындай боп отырдық. Сабақтан бітісімен, жатақхана қарай жол тарттық. «Көтерілістің қызығы» алдымызда күтіп тұр екен... Нағыз уайым мен қорқыныш сезімі бойымызды билейтін күндер алда екен... Азаматтық киіммен келіп, сабаққа қатыспаған студенттерді тексеру сол күннен - ақ басталып кетті. Бәрімізге «комендантский час». Ол кезде жатақханада студенттердің бас қосып отыратын жері «Қызыл бұрыш» деген бөлме болады. Енді ол бөлме бізді тексеріп келетін орган адамдарының меншігіне айналды. Кешке де тексеріс, танертең де тексеріс, жеке-жеке шақырыламыз. Күнде түсініктеме жаздырады. Көтеріліс болған күні сабақта болмау себебімізді жазып, мың құбылтып түсініктеме жазамыз. Онымен қоса күнде «бір ізбен кіріп, бір ізбен шығамыз» деп қолхат жазамыз. Өздері де әр жазған сөздерімізге шүйлігеді. Қорыққан кезде кешегі түгілі, қазір не жазайын деп отырғаныңды ұмытады екенсің. Орган адамдары біресе ұрысады, біресе ақырын айтады. Ол кезде жаспыз ғой бірінші курста, олар тіке қараса көзімізден жас аға бастайды, ол кезде ақырын сөйлей бастайды. Олар да тас жүрек емес қой, аяйтын шығар... Естіп жатырмыз, көтеріліске қатысқандарды қатты тексеріп, құдалап, оқудан шығарып жатқандығын. Оқудан шығарса не істейміз, үміт артып отырған ата-анамызға не деп айтамыз деп... Жатсақ тұрсақ осы ой бәрімізді мазалады. Тамақ ішуден қалдық. Сабаққа барғанда аудитория есігін біреу ашса, жүрегіміз дүрс-дүрс қағады. Жатақханаға да енді үреймен қайтатын болдық. Тексерушілер Кешке қарсы алады, таңертең оятып алады да сұрақ астына алады. Кезіндегі репрессия құрбандары болған азаматтарымыздың «жаны сірі» екен. Осындай қорқынышпен 1-2 айымыз өтті. Бұл бір он жылға татитындай айлар болды ғой. Ең өкініштісі, ата-ананың ардақтап өсірген ұлдары, үкілеп өсірген қыздары қыршынынан қиылды, қақаған қыста жалаңаш денесін аямай өз ұлтын мұзда сүйрегендерді көрдік, әйел затын ардақтаған халық едік, бірақ, сұрқия саясаттың салдарынан қыздарды шашынан сүйреп, тепкілеп, «гестапалық» іс-әрекет жасап, жанашырлық танытпаған азаматтарды көрдік, ұрыс естіп, сөгіс алып ата-ананың үмітін ақтай алмай студенттер оқудан шығып жатты...

*Желтоқсанның желі, аязы, ызғары
Қанды мұзда талай қазақ сыздады.*

*Ұлт қамы үшін шыққан сол күн алаңға
Аза шекті қазақтың ұл-қыздары,-*

деген жыр жолдары жігерімізді жандырып, намасымызды қайрай түседі. Себебі, біз бен Сіздей қазақтың қылыш ұлы мен құрыш қыздары тұрғанда Тәуелсіздіктің тұғыры таймайтынына сенеміз. Кемел келешек пен баянды болашақтың іргетасы Желтоқсан оқиғасы кезінде қаланған. Оны қазақтың қаһарман ұлы мен қайсар қызы бүгінгі бұынға аманат етті. Біз әлемде жатар жері жоқ, басар елі жоқ, туы түгілі Елтаңбасы жоқ ұлттар мен ұлыстар бар екенін естен шығармауымыз керек. Осыған қатысты бабаларымыздан «Тәубенің зоры -Тәуелсіздік» деген керемет қанатты сөз қалған. Ендеше, бүгінгі тәтті Тәуелсіздік кешегі Желтоқсан оқиғасының жемісі мен жеңісін мақтан тұтайық. Бір күнде дүр сілкініп оянып, ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздік туын қолымызға ұстатқан рухы биік қазақ жастары, Қазақ елі жасай берсін!

*Жылдар өткеннен кейін, өткенге көз жүгіртіп,
мынандай ойға келдім: Бұл шеруге өз басым сана-
лы түрде қатыстым. Бұғып қалмай, қайта қазақ
қыздарының рухы биік екенін көрсеттік. Орта-
мызда қыстың ызғарлы күні болса да, тоңған
адам болған жоқ. Бәрінің бойын қанды намыс
қыздырды. Рас, қол-аяғымыз, тісіміз тісімізге
тимей қатты тоңды, бетімізді үсік шалды.
Бірақ шыдадық. Арамызда зордың күшімен, ада-
сып жүргендер болды деп те айта алмаймын.
Өйткені олар неге келгенін жақсы түсінді. Көбіміз
бір-бірімізді танымасақ та, ауызбіршілігіміз
мықты болды...*

ТАЙЫНШАЛЫҚ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Бүгінгі таңда тәуелсіздік жылдарында қол жеткізілген игі істердің нәтижелерін сақтап қана қоймай, барлық өршіл бастамаларды жоғары деңгейде жалғастыру маңызды!

Мен барлық жерлестеріме мықты денсаулық, жақындарымыздың өзара түсіністігін, жарқын болашақ пен рухты қажыр-қайрат тілеймін!

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК

Тәуелсіздік – Тәңірдің берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістігімізге осы егемендігіміздің нәтижесінде қол жеткіздік. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары еліміздің шекарасы бекітіліп, халықаралық аренада мемлекетіміздің беделінің өсуіне бағытталған шаралар жүзеге асты.

Аудандық кітапханада Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара өтті. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Бәтенова, қала әкімі Валерий Шпаковский, Аманат партиясының атқарушы хатшысы Мереке Хамзин, аудандық маслихаттың депутаты Николай Трифонов, қоғамдық кеңестің төрағасы Қайрат Шәріпов және ардагерлер кеңесінің төрағасы Нина Попова қатысты. Жиналғандарды мерекемен құттықтаған аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Қахарманқызы Ляззат Көкенқызы Садуақасова мен Качалкина Раиса Павловнаға «Еңбек ардагері» төсбелгісін табыстады. Қазақ орта мектебінің шәкірттері тарих беттеріне шолу жасап, Жастар ресурстық орталығы дайындаған бейнероликтерін көпшілік назарына ұсынды.

Олай болса, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің егемендігі баянды болсын!



ӘРБІР ОТБАСЫ – БІР ТАҒДЫР

«Әлеуметтік қызметкер» атағын абыроймен атқарып, барлық жан дүниесімен іске белсене кірісетін бұл сала мамандарының еңбегі өлшеусіз. Олар үшін өзгенің мәселесі деген ұғым жоқ. Керісінше, қиналған адамды көрсе, көмекке әркез дайын тұрады. Бүгінгі қоғамда осындай жандардың бары қандай бақыт десеңізші!

Ляззат Садуақасова халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 2011 жылы ашылғаннан бері жұмыс істейді. Бұл жұмыста оған сеніп тапсырылған бағыттардың бірі – экономикалық потенциалы төмен ауылдардан адамдарды көшіру болды, біздің ауданда ондай ауылдар жетерлік. 2016 жылы жағдайы қиын аумақтардан қандастарды көшіру бағдарламасы іске асырылды.

Міне, ол осы бағытта 2018 жылға дейін жұмыс істеді. Осы уақытта шамамен 100-ден астам отбасын көшіруге көмек көрсетті. Әрбір отбасы – бір тағдыр.

Л.К.Садуақасова әрқашан адамдарға жақсылық жасауға ұмтылып тұратын ерекше жан. Кез келген уақытта, тіпті жұмыстан басқа уақыттарда да жұмыс бойынша ақыл – кеңес беруден жалықпайды.

Ляззат Садуақасова зейнеткерлікке шығар жасқа да келіп жетті. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында біздің бүгінгі кейіпкеріміз жоғары марапатқа ие болды. Енді тәжірибелі маманның келесі лауазымы – «Тайынша ауданының еңбек ардагері!» Біздің де қосарымыз: Мереке қарсаңында алған марапатыңыз құтты болсын. Отбасында немерелеріңізбен қызық-қуанышқа толы күндеріңіз көп болсын, аяулы ана, немерелері үшін ақылшы әже!



ЕҢБЕК ДЕСЕ, ЕРІНБЕГЕН ЖАН

Качалкина Раиса Павловна Новосибирск облысының тумасы. Еңбек жолын он бес жасында фермада жұмыс істеп бастаған, жас болса да анасы Лидия Генриховнаға он жеті сиырды саууға көмектескен.

Екі жылдан соң Раиса Павловна шешім қабылдап, Қазақ ССР-на көшіп келіп, құрғақ сүт зауытына жұмысқа орналасады. Осылайша оның еңбек жолы Красноармейск қаласында басталады. Тағы бір жыл өткен соң Тұрмыстық қызмет үйіне мақта көрпелерін тігу цехына ауысады. Ол кезде қала өте жақсы дамып, республикалық тоқыма цехының филиалдарының бірін ашу жоспарланған болатын, ал осы цехта жұмыс бастау үшін дайындық курсы өту ұсынылды. Осылайша жас бойжеткен цехтағы өзінің көпжылғы еңбегін бастап кетті. Ол №8 тоқыма машинасына жауапты болды. Оның қолынан неше түрлі тоқыма өнімдері шыққанын білсеңіз ғой! Раиса Павловна бүкіл Одақ бойынша жіберілетін жеке де, жаппай тапсырысты да орындайтын. Ол кездері цех екі ауысымда жұмыс жасайтын: күндізгі және түнгі. Уақыт зымырап өтіп жатты, талаптар мен сән үлгісі өзгерді. Раиса Павловна уақытылы білімін арттырып, бас цехтың дайындаған өндірісіне жаңа үлгілерді енгізіп отырды.

Уақыт өте келе барлық қазақстандықтар үшін ауыр күндер басталды. Еңбе ақы төлемей, электр энергиясын сөндіру, салқын цех кезеңі басталды, алайда, қиындықтарға қарамастан Раиса Павловна сүйікті ісін тастамай, басқа жұмыс іздемей, осы ісін жалғастыра берді. Заман өзгеріп, жеке тапсырыс бойынша тоқыма киімдердің орнына коммерциялық нарық келіп, көп адамдар арзан дүниеге ұмтылды. Бірақ тоқыма цехының, әсіресе №8 тоқыма машинасының шеберлігінің сапасын білетіндер тұрақты клиент болып қалды. Заман талабына қарай, еңбек нарығында қалай да аяққа тік тұру үшін басшылық өнім түрлерін көбейтуге шешім қабылдады. Олар төсек орын тыстарын, матрастар, көрпелер және тағы басқаларын тіге бастады. Раиса Павловна әріптестерімен бірге тапсырыстар мен тендерлерді орындау бойынша жұмысқа белсенді араласып кетеді. Бірақ та осы өндірісте істеген соңғы күніне дейін ол өзінің тоқыма машинасында тұрақты клиенттеріне тапсырыстарды тоқып жүрді. Машина қирап қалған кезде, оны өзі жөндеп алатын. Еңбек еткен жылдарында ол басшылық тарапынан көптеген алғыстар мен марапаттарға ие болды. Оның суреті «Құрмет тақтасында» ілулі тұратын. Раиса Павловнаның еңбек өтілі 43 жылдан асады. Ол үш баланы тәрбиелеп өсірген аяулы ана. Төрт немеренің қызығына бөленіп отырған асыл әже. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында біздің кейіпкеріміз «Тайынша ауданының ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Жоғары марапатыңыз құтты болсын. Сіз жоғары марапатқа лайық жансыз!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

АДАЛ БІЛІМ АЛУ ОҢАЙ!

Дәл осы үндеу Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісовтың, «ЖАҒАРУ» қоғамдық бірлестігінің облыс колледждерінің студенттерімен кездесуіне эпиграф болды.

Іс-шара барысында спикерлер оқушыларға академиялық адалдық деген не және бұл мектепте және жоғары оқу орындарында білім беруде соншалықты маңызды ма екенін жеткізді.

«ЖАҒАРУ» РҚБ аппарат басшысы Қабдолла Әлиев аудиторияны құттықтады. Ол жобаның мақсаты жастар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген түріне теріс көзқарасты қалыптастыру болып табылатынын атап өтті. Өз кезегінде Айдос Жүнісов отбасылық құндылықтар мен рухани байлыққа назар аударды. «Қазірдің өзінде сендер адалдықтың жаршысы болуларың керек. Сендерден білім алуда шынайылық таныту, айналаңыздағыларға адал

және әділ болу талап етіледі», - деп атап өтті Жүнісов.

Департамент басшысының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлықты жай ғана ауру немесе вирус емес, қоғам мен мемлекеттің денесіндегі «қатерлі ісік деп атады, оны жалпы күш-жігермен аяусыз кесіп тастау керек.

«Сондықтан антикор, билік органдары, жастар мен жұртшылық осы әлеуметтік зұлымдыққа қатысты біртұтас ұстанымға ие болуы, қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыруы тиіс», - деп атап өтті спикер.

Кездесу қорытындысы бойынша «ЖАҒАРУ» ҚБ филиалының басшысы Темірғали Әбілмәжінов жастарды сыбайлас жемқорлық көріністеріне белсенді қарсы тұруға және парасатты және адал қоғамды қалыптастыруға жан-жақты жәрдемдесуге шақырды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

Баспасөз – 2023

Баспасөз – 2023

ӘР ШАҢЫРАҚҚА – «ТАЙЫНША ТАҢЫ» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!

«Тайынша таңы – әр шаңыраққа!» деген батамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен сенім арттамыз. Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге, жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге 2023 жылы жарық көретін газеттің бірінші жартыжылдығына жазылу маусымы жүріп жатқанын хабарлаймыз. Қала тұрғындары үшін газетке 6 айға жазылу құны – 780 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 870 теңге.

Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын болса, редакциямызға 21999, 23696 телефоны арқылы хабарласыңыздар.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ



16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында кезектен тыс Президент сайлауына белсене қатысқан облыстық қоғамдық штаб мүшелері, депутаттар марапатталды.

Көптеген азаматтар үлкен саяси доданың басы-қасында жүріп, оның ойдағыдай ұйымдастырылып, өтуіне атсалысты. Алдымызда тағы үлкен саяси науқан келе жатыр. Ол – Парламент сайлауы. Бұл сайлауда әр партия өз үміткері үшін қызмет етеді. Бірақ басты мақсатымыз – елдің бірлігі мен ынтымағы, мемлекетіміздің жарқын болашағы. «AMANAT» партиясы аманатқа қиянат жасамай, алдағы сайлауда да нәтижелі жұмыс істейді деп сенеміз.

Ел басшысын таңдау, Мемлекет басшысын сайлау — әрбір азаматқа зор жауапкершілік жүктеген маңызды мәселердің бірі болды. Бұл саяси науқанға баршамыз бір кісідей жұмылдық.

«Басшысыз қалған ел жетім» дейді халқымыз. Шын мәнінде, қоғамды үйлестіріп, халқын ұйыстырып, тәуелсіздіктің туын еркін желбіретіп, жарқын

болашаққа бастайтын беделді, абыройы асқақ, білімді де көреген басшыны таңдау оңай емес екені даусыз. Бұл сайлау кезектен тыс өтсе де, біздің ел үшін өте маңызды науқан болды. Біздің аймақта көпшілік белсенділік танытып, ел басшысын сайлауда өз таңдауын жасады. Мұндай елеулі іс-шаралардан мен де тысқары қала алмадым. Президентіміздің сайлауалды бағдарламасын ауыл мен қала тұрғындарына, жастарға жеткізіп насихаттауда өз үлесімді қосқанымды мақтан етемін. Міне, осындай ел алдындағы азаматтық парызымды адал атқарғаным үшін ҚР Парламенті мәжілісінің төрағасы, Ерлан Жақанұлы Қошановтың Алғыс хатымен марапатталдым.

Егеменді еліміздің ертеңі үшін, туған жерімнің гүлденуі мен туған халқымның болашақта жасампаздықпен дамуы үшін, мемлекетіміз бай-қуатты болуы үшін, дамыған басқа елдермен тереземіз тең болуы үшін аянбай қызмет атқарамын!

Айгүл МҰХАМЕТҒАЛИЕВА, аудандық мәслихат депутаты.

ДЕБАТ – ОЙ ТАРТЫС АЛАҢЫ

Дебат - ойлау қабілетінің ұшқырлығын талап ететін нағыз білімділер додасы. Мектеп жасындағы оқушыларды дебатқа тарту - таным көкжиегі кең жастарды білім нәрімен сусындатумен пара-пар деп білемін.

Мәдениет негізгі мектебінің «БОЛАШАҚ» командасы 2021 жылы қаңтар айының 18-жұлдызында құрылды. Команданың алғашқы құрамында Дәулетбек Жұлдыз және Ақай Әмина болды. Аудандық ұшқыр ой алаңына енді ғана қатыса бастаған оқушыларымыздың жетістіктері жетерлік. Атап айтатын болсам: «Ұшқыр ой алаңы» атты оқушыларға арналған Республикалық турнирінің аудандық кезеңінде **1-орын** иеленіп, облысқа жолдама алды. Дәл осы турнирдің облыстық кезеңінде «Болашақ» командасы **3-орынға** ие болды. Бұл оқушылар үшін пікірсайыс ойынының алғашқы баспалдағы іспетті. Оқушылардың пікірсайыс ойынына қызығушылықтарын арттыру мақсатында мектепшілік турнирлер өткізіліп тұрады. Кейіннен команданың спикерлері Дәулетбек Жұлдыз бен Нұржауар Мәдина да өзіндік жетістіктерімен қуантты. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен ҚР Тұңғыш

Президенті Күнін мерекелеуге арналған республикалық мектеп дебат турнирінің аудандық кезеңінде **3-орын** алды. «Ұшқыр ой алаңы» атты оқушыларға арналған Республикалық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде 3-орын иеленді. Жұырда өткен мектеп оқушылары арасындағы аудан әкімінің кубогы үшін аудандық пікірсайыс турнирінде «Болашақ» командасы бас жүлдені жеңіп алды. Команданың спикерлері: 8-сынып оқушысы Нұржауар Мәдина, 7-сынып оқушысы Қоянбек Райян. Бұл жеңіс оқушылардың жақсы дайындығы, ойларының ұшқырлығы және өздеріне деген сенімділігінің нәтижесі. Оқушылар аздаған уақыттың ішінде ойын ережесін түсініп, тәжірибе жинай алды. Алдағы уақытта «Болашақ» аталмыш ойынды бұдан да тереңірек меңгеріп, нағыз ұшқыр ойлы оқушылардан құралған команда болады деп сенемін.

Ақерке ШАДЕТХАН,
Мәдениет негізгі мектебінің «Ұшқыр ой алаңы» клубының жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Пікірсайыс ең алдымен оқушыны ұшқыр ойлауға баулиды. Мен пікірсайысқа қатысу арқылы көп нәрсені үйрендім. Әсіресе өз ойымды нақты әрі еркін жеткізіп, пікірімді дәлелдей алауға дағдыландым. «Болашақ» командасының құрамында аудандық турнирлерге бірнеше рет қатысып, өзім үшін біршама тәжірибе жинадым. Әрине пікірсайыстың қыр-сырын толық меңгердім деп айта алмаймын. Әйтсе де алдағы уақытта талмай еңбектеніп, ұшқыр ой алаңында жоғары деңгейде ойнауға тырысамын.

Мәдина НҰРЖАУАР, 8-сынып оқушысы.



КӨРКЕЙЕ БЕР, ЕЛІМ МЕНІҢ

Егеменді ел болып, еңсемізді түзегеннен бері халық игілігі үшін атқарылып жатқан істерді көптеп атауға болады. Осыдан 31 жыл бұрын жұмыссыздарды, нарық қыспағында қалған кәсіпорындарды, еңсесі түскен халықты көруші едік. Қазір жағдай басқаша. Көрікті Қазақстан, қайтадан жаңарған кәсіпорындар, ауыл тұрмысы да әлдеқайда жақсарған. Ең негізгі жаңалық, жақсылық – еліміздегі тыныштық.

Тәуелсіздіктің 31 жылы ішінде еліміз жүріп өткен жолға қазір сөз жоқ, әрқайсымыз ой жүгіртеміз. Бұл жылдары мемлекеттің қабырғасын қалаудың, экономиканы реформалаудың, жаңа қоғамды құрудың елеулі де ауқымды міндеттері шешілді. Қол жеткізген жетістіктеріміз әлемдік қоғамдастықты мойындатты және тәуелсіздігіміздің берік іргетасы болып табылады.

Облыс экономикасының барлық саласында солтүстікқазақстандықтардың қайратты да табанды еңбегінің арқасында толымды жетістіктерге қол жеткізілді.

Керегесі мәңгілік мызғымаған,
Көп ұлтты бастады елім ізгі қадам.
Шындығына достықтың күн күлімдеп,
Шың басынан шыдамай мұз құлаған.
Ұраным бар біз бұрын айта алмаған,
Ұланым бар ұлы істен тайсалмаған.
Таңбалы «батыр түрік» ұрпағымыз
Ерлігін беріп кеткен қайсар бабам.
Содан болар жерімнің кеңдігі де,
Содан қалған өр мінез ерлігім де.
Желтоқсанның ызбарлы күні куә
Өз бетімен келген жоқ теңдігің де.
Бермесін басымызға азапты күн,
Тілеймін халқымыздың азаттығын!
Көз жасын тәңір мін бабалардың,
Танылды бар әлемге қазақ бүгін.
Орнаған Сарыарқаның кіндігінде,
Нұр ойнап жаңа Астана түндігінде,
Желбіре тәуелсіздік көк байрағы!
Күш-қуат халқымыздың бірлігінде.
Аспан мен тау жатса да айпарасып,
Мекенінен кетпейді асқар асып.
Жасай бер, көркейе бер, елім менің!
Жаңа ғасыр есігін айқара ашып.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРАНЫМ!

Ен даланы жайлаған еркін ел едік,
Құла түзде құлындай жортқан ер едік.
Бабадан қалған киелі жердің кеудесін,
Бөгделерге бастырмайыз деп едік.
Бастауым Алаш жасқанып кірпік қақпаған,
Қалқытып қыран, кірілеп тұлпар баптаған.
Түйесін теңдеп, тербеліп көшіп жүрсе де,
Атаның салтын сары алтынды сақтаған.
Тегіміз түрік, аты әлемді шарпыған,
Тарпаң едік тақымға көнбей тарпыған.
Тап болдық бір кез аждананың аузына,
Харамды да қабағымен қарпыған.
Күн кештік сол кез тағдырдан салған асалмай,
Бұғауға түстік бұғалық киген асаудай.
Малыңды тартып, жеріңді басты бөлшектеп,
Байлауда басың алшаңдап аяқ баса алмай.
Тастады езіп үстемдіктің салмағы,
«Байтақ елге болам деп қорған» алдады.
Қазақтың жерін басып алу ежелден,
Арамзаның болған еді арманы.
Боданда жүріп күнің жоқ өткен жыламай,
Қаңғырып кеттік қатігездікке шыдамай.
Әділдік сұрап араша түскен Алаштың,
Зиялыларын азаптап қырды қынадай.
Уыты кернеп сыздады іштің жарасы,
Намысы қысып ояңды жастар санасы.
«Келісім бер!» деп өтінген жастар талабын,
Естіді тегіс қазақтың байтақ даласы.
О, жаратқан! Топастар сөз ұға ма?
Мейірімді жандар темірмен адам ұра ма?
Талатып итке, тәндеріне жара сап,
Өлекседей құлатып төкті жыраға.
Бұл ісіне өршеленді жастарым,
Қорғамады «жан пида» деп бастарын.
«Қазақстанды қазақ өзі билейді»
Деген ұран тарап кетті қас-қағым.
Осы жерден ақ пен қара арбасты,
Арамзалар арам пиғыл алжасты.
Талай жастың қанын төккен Желтоқсан,
Тәуелсіздік күніменен жалғасты.

Сәлік ЖҰМАТТЕГІ,
ақын, газеттің тілшісі.



ТӘУЕЛСІЗДІК – АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ!

Қазағымыздың сан ғасырлық тарихи жолында мақтан тұтар, бүгінгіміз бен болашағымыз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағатын оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Осыдан үш онжылдық бұрын егемендігімізді жариялап, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл ғасырлар бойы қазақ халқының аңсаған арманы - тәуелсіздік. Ұлы қазақ елі осы күнге дейін жеткенше 300 жылдай бодандықтың бұғауында, 70 жылдан астам кеңес одағының отарлау саясатының шыр-мауында жүрді. Әлемде елінің бостандығын, халқының тәуелсіздігін ойламайтын жұрт жоқ шығар. Бірақ, қазақ халқы тәуелсіздігін алып, дербестігіне қол жеткізгенде бөлек ел бола алатынына күмәнданған жандарда болған. Ар-намысты алға қойған Тұңғыш Президентіміз бен үкімет басында отырған елі үшін қиын уақыттары терін төккен ағаларымыздың аянбай жасаған еңбегі осы нұрлы күндерге жеткізді. Қазіргі таңда еліміздің болашағы жарқын да, жайдарлы болатынына ешкім күмәнданбайды.

Тәуелсіздік - азаттықтың алтын діңгегі, халықтық және ұлттық өрлеудің ең биік күші. Ұлттық тілдің де, салт-сананың да, дәстүрдің де қажымас тірегі – тәуелсіздік! Міне, қазыр өз мемлекетімізде, өз ұлтымыздың арасында, өз тілімізде шырқап, толық кеудемен еркін тыныс ала алуымыз үшін, ұйқымыз тыныш, келешегіміз көптеген белестерге толы өмір сүргеніміз үшін ғасырлар бойы ата – бабаларымыздың қанша қаны төгілді. Бүгінгі ашық аспанымыз үшін оларға мың да мың алғыс!

Дегенмен де, Қазақстан мемлекеті алдыңғы қатарлы, әлемге мақтанарлық, мықты ел болу үшін егемендігіміз тек алғашқы қадам болды. Тәуелсіздігімізді алғанымыздан кейін, Тұңғыш Президенттің басшылығымен мемлекетіміздің басты нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Қарулы

күштеріміз құрылды, ұлттық валютамыз айналымға енді, ата заңымыз қабылданды. Оған қоса қысқа мерзімдерде шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылып, еліміз беделді және ірі халықаралық ұйымдарға мүшелікке кірді. Ең нығайған және дамыған елдердің қатары кіру үшін біз көптеген индустриалды және экономикалық стратегияларды қабылдадық. Мысалы, «Қазақстан - 2030» немесе «Қазақстан - 2050» даму стратегиялары елімізге көптеген жетістіктер әкелді: құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік; нарықтық экономикаға көштік; отандық бизнес негізін қаладық; ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Экономиканы арттырумен ғана айналыспай Қазақстан «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» секілді бағдарламаларды жүзеге асырып, мәдениетімізді сақтап қалып, тарихымызды түгендеп отыр. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік. Сонымен қатар, білім беру жүйесі әлдеқайда жақсарттық. Жастардың сапала және жоғары білім алуына барлық жағдай жасалынды.

Қорытынылай келе, Қазақстанның ең керемет, ең биік шарықтауы әлі алда деп айтқым келіп отыр. Дербес ел болу оны бәріне жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен ғана шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз мықты да қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнаымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс! Халқымыздың ұлы ұтысы – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша ұлтымыздың патриоттық рухымен күннен күнге асқақтай берсін!

Жаннұр БЕКТУРГАНОВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ Журналистика кафедрасы, 1 курс.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Желтоқсанның 16 жұлдызында ұлымыз, немереміз, бауырымыз **АЙДАРХАН БЕКБОЛАТ ЖАСҚАЙРАТҰЛЫ 13 жасқа толып отыр!** Туған күнің құтты болсын! Денсаулығың мықты, ғұмырың ұзақ болсын! Сенің әр күнің шаттық пен бақытқа толы болсын!



Тілек иелері : әжесі, ата-анасы, нағашысы,
інісі Бексұлтан

Осы күні тудың
сен баршамызды
қуантып,
Денің сау болсын деп
тілейміз біз асығыс.
Жақындарың үшін сенің
жетістігің әкеледі
бақыт,
Мерей тойын
керемет өтіп,
осы күнді еске ал,
Бақытыңды
бағалап, жақсы
адам болып қал.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді еліміздің басты мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл дәуірлік оқиға – халқымыздың көптеген ұрпақтарының орындалған армандары мен үміттерінің нәтижесі. Қазақстанның тәуелсіздігі тұрақты, оны сақтау – әркімнің қасиетті борышы! – деген Елбасының сөздері біздің еліміздегі әрбір адамның ұранына айналды. Аз ғана уақыт ішінде Қазақстан өзінің тарихи тағдырын толығымен өзгертіп, экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мықты мемлекет құра алды. Бұған ортақ үлес те бар, сондықтан тәуелсіздік мерекесі халықтың бостандығы мен ұлылығын білдіретін Тәуелсіздік мерекесі бәрімізге қымбат. Біздің азаматтарымыздың өмірі мен денсаулығын күнделікті сақтап қалатын, қарттар және жалғыз бастыларға қамқорлық жасайтын, ең алдымен мұқтаж жандарға көмек қолын созатын барлық адамдарға тағзым етеміз. Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мерекені ерекше атап өтеді. Қазақстандықтар алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Республикамыздың осындай биіктіктерді бағындыруына барлық адамдар сүбелі үлес қосып келеді. Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабаларымыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Нина ПОПОВА,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор

Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 402. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.